



№8 (8212)
26 ақпан
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ



Кен Жылоу

Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol
ken_jyloi_gazeti

* Құттықтау

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді 1 наурыз – Ағыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!
1 наурыз – еліміздегі барша этнос өкілдерінің бір-біріне деген құрметі мен ызағанын білдіретін, татулық пен бірлікті ұлықтайтын ерекше күн. Бұл – қазақ жеріне қоныс аударып, пана тапқан түрлі ұлт өкілдерінің кең пейілді қазақ халқына деген ағысы жоғымдан тағалымды мереке. Ұлттық пен өзара сенімнің, сыйластық пен достықтың символына айналған бұл күннің мән-мағынасы терең.

Ағыс айту – адамгершіліктің асыл қасиеті. Жақсылықты бағалау, игі іске ызағанын білдіру – ұлттымыздың қанында бар ізгі қасиет. Осындай рухани құндылықтарды дәріптеу арқылы біз қоғамның келісімі нығайтып, жас ұрпаққа өнеге көрсетеміз.

Айтулы мереке қарсаңында сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, бақ-береке тілеймін! Әр шаңырақта шаттық пен қуаныш орнап, елімізде тыныштық пен тұрақтылық салтанат құрсын.

Ізгі ниетпен, Жұмабек
ҚАРАЖАНОВ,
аудан әкімі



Наурыз –
Ағыс айту күні

© Коллажды жасаған С.КОШЕКОВА

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

www.election.gov.kz

* Киелі өнер



ТЕАТР – ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

20–24 ақпан күндері облыстық Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры сахнасында өткен «Заң мен тәртіп» жобасы аясында «Шынайы шымылдық» халықтық театрлар арасында облыстық фестиваль ұйымдастырылды. Өнердің өрісін кеңейткен, рухани мазмұны терең мәдени шарада Жылыой аудандық халықтық Жастар театры өнер көрсетіп, биыл 70 жылдық мерейтойы аталып өтетін қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, драматург Рахымжан Отарбаевтың «Двойник» трагикомедиясын сахналады.

8-БЕТ

* Инфрақұрылым

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАЙТА ЖАНДАНБАҚ

Көлік ағынының негізгі бөлігін өткізетін Ұлықпан Өбдірахманов көшесінің бойында орналасқан көпір құрылысы қайта жанданбақ. Өткен жылдың маусым айында басталған күрделі жөндеу жұмыстары бұған дейін аяқсыз қалып, көлік қозғалысына кедергі келтірген еді. Оған қаламыздағы көпір құрылысына жеңімпаз болып танылған «Марстрой» мердігер мекемесі себеп. Жоба қарқынын баялатып, жөндеу жұмыстарын межелі уақытта аяқтамаған компаниямен бүгінде келісім шарт біржақты үзілген.

Қаламыздың артериялық көшесі болып саналатын орталық көпірдің қазіргі жай-күйі тым нашар. Бұл жерден шашылған темір-теректерден бөлек, жиналған лай су мен қоқыс қалдықтарын, тіпті, жұмысшылардың үйілген қолғаптарын көруге болады. Көктемгі су келер уақыт жақын. Оның үстіне биыл Құрсай өзегіне су жіберілетін болса жағдайдың қандай болары белгісіз. Жоспар бойынша 4 айда бітуі керек болған нысанның жергілікті халықтың көкейтесті сұрағына айналғаны да осыдан. Нысанның жалпы сметалық құны 330 миллион теңгені құрайды. Алайда «Марстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бөлінген қаражаттың небәрі 40 миллион теңгесін ғана игерген. Бүгінде негізсіз тоқтатулардың көбеюіне байланысты аудан әкімдігі

келісім шартты біржақты тәртіппен бұзды. Қазіргі таңда іс сотқа жолданған. Ал аяқталмаған жұмыстардың сметалық есебі қайта жасақталып, жоба мемлекеттік сатып алу порталына кері жарияланған. Бұл туралы аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Алмас Саматов:

– Аталған мердігер мекеме 2025 жылдың ақпан айында мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жарияланған байқау нәтижесінде анықталып, келісім шарт наурыз айында жасалды. Сәйкесінше жұмыс өткен жылдың қазан айында аяқталуы тиіс еді. Бірақ мердігер мекеме тарапынан осындай мәселе орын алды. Қазіргі таңда көпірге күрделі жөндеу жұмыстарын жасауға қайта жеңімпаз анықталып,

құжаттар рәсімделуде. Атап айтсақ, істі «Бука» ЖШС қолға алмақшы. Бүгінде құрылыс алаңында, яғни, көпірдің екі жақ бөлігіне 66 дана қада орнатылған. Ал бір жақ бөлігіне арматура орнату мен бетон құю жұмыстары жүргізілді, – дейді ол құрылыс жұмыстарының қай кезеңде тұрғанымен бөлісіп.

Жылыой жұрты жақсы білетіндей, 2024 жылғы көктемгі тасқын су салдарынан өткен жылы Құрсайға су жіберілмеді. Дегенмен биыл мұнда су келуі әбден мүмкін. «Егер мердігер жер асты жұмыстарын аяқтап, бетондау және көпір колонналарын тұрғызу кезеңіне, яғни, беткі қабатына дейін үлгерсе, онда су келуі қауіп төндірмейді. Бір ай уақыт көлемінде бұл іс өз шешімін табады» дейді мамандар. Ал жөндеу жұмыстарының мерзімі созылған жағдайда орнатылып тұрған қадалардың жарамсыз күйге түсу қаупі бар. Бұл өз кезегінде қосымша қаржы мен уақыт шығынына алып келуі мүмкін.

Көпірді толық жөндеу жұмысы шамамен 4 айға созылмақ. Соған сәйкес нысан алдағы жаз айларында пайдалануға беріледі деп жоспарланды.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ

Бүгінгі санда:

Өзіңді қорғаудың алғашқы қадамы



5-БЕТ



№8 (8212)
26 ақпан,
2026 жыл

* Қоғам

ТЕГІН КЕҢЕС БЕРЕДІ

«Сарыарқа» заңгерлік консультанттардың құқықтық орталығы» қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінің тұрғындарына тұрақты негізде заңгерлік кеңес қызметтерін тегін көрсетеді.

Қызмет 2014 жылдан бері жүзеге асырылып келеді, ал 2018 жылдан бастап қоғамдық бірлестік аясында жұмыс істейді.

Қызметіміздің негізгі мақсаты — әлеуметтік осал топтарға жататын

халыққа, қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға, сондай-ақ құқықтық қолдауға мұқтаж барлық тұлғаларға тегін құқықтық көмек көрсету.

Кеңес беру қызметтері тегін негізде, соның ішінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді пайдалану арқылы қашықтан да көрсетіледі.

Тегін заңгерлік консультациялар көрсету жөніндегі қызметтің мерейтойлық кезеңіне байланысты қоғамдық бірлестік ақпараттық

сүйемелдеумен құқықтық-ағартушылық іс-шараларды өткізуді және Қазақстан Республикасында тегін заңгерлік көмектің дамуына арналған естелік төсбелгілерді таратуды жалғастыруда.

Іс-шаралар тек әлеуметтік және қоғамдық пайдалы сипатқа ие, коммерциялық емес болып табылады және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Тегін кеңес алу үшін байланыс нөмірі: WhatsApp: +7 701 870 98 89

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ – ЖАҢА СЕРПІН

Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі ең алдымен оның кадрлық әлеуетіне байланысты. Білікті, бастамашыл әрі жауапкершілігі жоғары мамандарсыз сапалы мемлекеттік саясат қалыптастыру мүмкін емес. Осы орайда Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан Өңірлік кадр резерві мемлекеттік қызмет жүйесіне жаңа серпін беретін маңызды институтқа айналып отыр.

Бұл бастама өңірлердегі басқару сапасын арттыруға, жергілікті жерлерде кәсіби әрі заманауи көзқарастағы жас басқарушылардың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған. Ең бастысы – талантты, әлеуеті жоғары азаматтарға нақты мүмкіндік беру арқылы мемлекеттік аппараттың сапасын арттыру.

дарды тартуға жол ашады.

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган басшысының бос лауазымына тағайындау үшін тиісті лауазымға тағайындау құқығы бар тұлға уәкілетті органға резервке алынған азаматтың өтініші мен қызметтік тізімін ұсынады. Ал «Б» корпусының өзге лауазымдары бойынша ұсыныс уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жолданады.

Уәкілетті орган кандидатының белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды. Заңнамалық шектеулер болмаған жағдайда келісім беріліп, тағайындау рәсімі жүзеге асырылады.

Сонымен қатар резервшінің келісімі болған жағдайда оны басқа өңірге тағайындауға да мүмкіндік қарастырылған. Мұндай жағдайда шешім тиісті өңірдегі лауазымға тағайындау құқығы бар тұлғаның актісімен және уәкілетті органның келісімі негізінде қабылданады.

Бұл норма кадрлардың ұтқырлығын қамтамасыз етіп, тәжірибе алмасуға жол ашады.

Қазіргі таңда резерв құрылғаннан бері облыстық, қалалық және аудандық әкімдіктерде резервшілердің 10-ы, яғни 40 пайызы мансаптық ілгерілеуге қол жеткізіп, жаңа қызметтерге тағайындалды. Бұл – жобаның нақты нәтижеге бағытталғанын көрсететін айқын көрсеткіш.

қадағалау комитетінің Махамбет аудандық аумақтық инспекциясында бас маман қызметінен Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Ветеринария бөлімінің басшысы лауазымына көтерілді.

Ал Айболат Саламатулы Индер ауданы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалып, жауапты басқарушылық деңгейге өтті.

Бұл мысалдар – резерв жүйесінің формалды тізім емес, нақты мансаптық өсу алаңына айналғанының дәлелі.

2024 жылғы тамыз айында өңірлік кадр комиссиясының шешімімен Атырау облысынан Өңірлік кадр резервіне 25 азамат іріктеліп алынды. Іріктеу нәтижесінде резервке экономика және қаржы, индустрия және өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары, цифрландыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым, сондай-ақ әлеуметтік салалар бағыттары бойынша білікті әрі перспективті мамандар енгізілді.

Мәселен, резервші Айсәул Ардаққызы «Азаматтық орталық» КММ-нің Қызылқоға аудандық маманы қызметін атқара жүріп, Өңірлік резерв тегінін пайдалану арқылы 2025 жылы Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының ономастика және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы лауазымына тағайындалды.

Сол сияқты Сайран Ғұднанұлы Ветеринариялық бақылау және

жұмыс істейді.

Уәкілетті орган кандидатының белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды. Заңнамалық шектеулер болмаған жағдайда келісім беріліп, тағайындау рәсімі жүзеге асырылады.

Сонымен қатар резервшінің келісімі болған жағдайда оны басқа өңірге тағайындауға да мүмкіндік қарастырылған. Мұндай жағдайда шешім тиісті өңірдегі лауазымға тағайындау құқығы бар тұлғаның актісімен және уәкілетті органның келісімі негізінде қабылданады.

Бұл норма кадрлардың ұтқырлығын қамтамасыз етіп, тәжірибе алмасуға жол ашады.

Қазіргі таңда резерв құрылғаннан бері облыстық, қалалық және аудандық әкімдіктерде резервшілердің 10-ы, яғни 40 пайызы мансаптық ілгерілеуге қол жеткізіп, жаңа қызметтерге тағайындалды. Бұл – жобаның нақты нәтижеге бағытталғанын көрсететін айқын көрсеткіш.

ТАҒАЙЫНДАУ ТЕТІГІ – ЖЕДЕЛІК ПЕН ТИМДІЛІК КЕПІЛІ

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, өңірлік резервке алынған азаматтар сайланбалы лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдардағы «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстық іріктеу өткізілімстен тағайындалу мүмкіндігіне ие.

Бұл тетік кадрлық процестерді жеделдетіп қана қоймай, мемлекеттік аппаратқа дайын әрі кабілетті маман-

дарды тартуға жол ашады.

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган басшысының бос лауазымына тағайындау үшін тиісті лауазымға тағайындау құқығы бар тұлға уәкілетті органға резервке алынған азаматтың өтініші мен қызметтік тізімін ұсынады. Ал «Б» корпусының өзге лауазымдары бойынша ұсыныс уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жолданады.

Уәкілетті орган кандидатының белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды. Заңнамалық шектеулер болмаған жағдайда келісім беріліп, тағайындау рәсімі жүзеге асырылады.

Сонымен қатар резервшінің келісімі болған жағдайда оны басқа өңірге тағайындауға да мүмкіндік қарастырылған. Мұндай жағдайда шешім тиісті өңірдегі лауазымға тағайындау құқығы бар тұлғаның актісімен және уәкілетті органның келісімі негізінде қабылданады.

Бұл норма кадрлардың ұтқырлығын қамтамасыз етіп, тәжірибе алмасуға жол ашады.

Қазіргі таңда резерв құрылғаннан бері облыстық, қалалық және аудандық әкімдіктерде резервшілердің 10-ы, яғни 40 пайызы мансаптық ілгерілеуге қол жеткізіп, жаңа қызметтерге тағайындалды. Бұл – жобаның нақты нәтижеге бағытталғанын көрсететін айқын көрсеткіш.

ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАРЛАУ – КӘСІБИ ӨСУДІҢ КЕПІЛІ

Резервшінің резервте тұру мерзімі екі жылды құрайды. Осы кезеңде олардың мансаптық қарғалары әзірленіп, өңірдегі кадрлық сұранысқа сәйкес тиісті лауазымдарға тағайындалу мүмкіндіктері қарастырылады.

Жүйелі жоспарлау мен институционалды қолдау резервшілердің кәсіби өсуіне мүмкіндік беріп, мемлекеттік қызметтің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне ықпал етеді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Елдің болашағы – білімді ұрпақтың қолында» деген еді. Бүгінгі Өңірлік кадр резерві – дәл осы болашаққа бағытталған стратегиялық қадам.

Аталған бастама өңірдің кадрлық әлеуетін нығайтып қана қоймай, жас әрі білікті мамандардың мемлекеттік басқару саласына келуіне, ел дамуына үлес қосуына берік негіз қалайды. Себебі қуатты мемлекет кәсіби кадрлар арқылы қалыптасады.

Айнагүл ҚАКИЕВА, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУ ҚҰҚЫҒЫ

Адам құқықтары адам жарық дүниеге, өмірге шырылдап келген сәттен бастап пайда болады. Адам құқықтары - адамның өз мүдделерін заң шеңберінде жүзеге асыру мүмкіндігі. Адам құқылары табиғи және әлеуметтік болып екіге бөлінеді.

Табиғи құқықтар дегеніміз - адамның тіршілік етуінен туындайтын құқылары.

Әлеуметтік құқықтар дегеніміз - адамның мемлекетпен өзара әрекеті процесінде пайда болатын құқықтары.

Адам құқығы - адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заман кезеңіне сәйкес өзгеріс тапқан демократиялық құндылық. Сондықтан да әрбір адам өзін де, басқаның осы құндылығын бағалай білу және оған ешқандай да зиян келтірмеу керек.

жатықсыздығы. Балалы отбасыларды әлеуметтік қорғау және халықты әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамтуға қамтамасыз ету шаралары, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысқан жағдайда жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер, жан басына шаққандағы орташа кірісі кедейлік шегінен аспайтын адамдарға (отбасыларға) атуалы әлеуметтік көмек көрсету, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынылуға мұқтаж деп танылған адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және осы Кодекске және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу арқылы азаматтардың жекемен санаттарына әлеуметтік көмек көрсету түрлері жатады.

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет ретінде жылдан жылға құқықтық реформаны күшейте келе, адам құқықтарының бұлжымаслығы, мемлекет тарапынан кепілдігін нығайтып келеді.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауы, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауы, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл халықтың әлеуметтік осал санаттары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына

қатысты жолданымдарды және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды.

Халықтың әлеуметтік осал санаттарының бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша жәрдем көрсетеді.

Адам құқықтарын дамыту жолындағы тағы да бір маңызды қадам - ол Мемлекет басшысының жарлығымен бекітілген арнайы іс-қимыл жоспары.

Онда ерлер мен әйелдердің тең құқықтары, балалардың, мүмкіндігі шектеулі адамдардың, мигранттардың құқықтары жайлы, азаптаулар мен адам саудасының алдын алу, тағы да басқа мәселелер бойынша нақты іс-шаралар көзделген.

Аталған мәселелер бойынша Адам құқықтары жөніндегі Өкілдік кеңесіне келіп түсетін шағымдар баршылық.

2025 жылы Өкіл атына 97 арыз-шағым келіп түсті. Бұл 2024 жылғы қарағанда арыз берушілердің (өткен жылы 73) санының көбейгенін көрсетеді.

Азаматтар көбінесе тергеу органдарының әрекеттеріне, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын күдіктілердің айыпталушылардың және сотталғандардың басым көпшілігі ауруына байланысты тиісті медициналық көмек алу кезіндегі қиыншылықтарды, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралардың талапқа сай болмауына шағымданады және соттардың шешімдерімен келіспейтінін білдіреді.

Елімізде адам құқықтарын қорғау саласындағы қабылданған стандарттарды ілгерілету үшін барлық мүмкіндіктер мен жағдайлар бар.

Ал, біздің, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мен оның өкілдерінің міндеті - халықтың пікірін, сұраныстарына құлақ асып, құқықтарын қорғап, құқықтық мәдениетімізді күшейтіп, барынша заң үстемдігін орнықты қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік қызметтер көрсету тарауы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Кодексі мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Конституциямыздың бірінші бабы Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары дер бекер айтылмаған.

Қазіргі уақытта мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мәселесі мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Әлеуметтік қорғау-бұл жағдайларға байланысты (кәрілік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айырылу және басқа да заңды негіздер) экономикалық белсенді бола алмайтын және лайықты ақылы еңбекке қатысу арқылы өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтардың өмірлік қажеттіліктеріне қол жеткізудің белгілі бір деңгейін және әл-ауқатының белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе.

ҚР Әлеуметтік Кодексі белгіленген әлеуметтік қорғалу құқығына мыналар

жатықсыздығы. Балалы отбасыларды әлеуметтік қорғау және халықты әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамтуға қамтамасыз ету шаралары, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысқан жағдайда жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер, жан басына шаққандағы орташа кірісі кедейлік шегінен аспайтын адамдарға (отбасыларға) атуалы әлеуметтік көмек көрсету, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынылуға мұқтаж деп танылған адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және осы Кодекске және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу арқылы азаматтардың жекемен санаттарына әлеуметтік көмек көрсету түрлері жатады.

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет ретінде жылдан жылға құқықтық реформаны күшейте келе, адам құқықтарының бұлжымаслығы, мемлекет тарапынан кепілдігін нығайтып келеді.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауы, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауы, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл халықтың әлеуметтік осал санаттары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына

қатысты жолданымдарды және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды.

Халықтың әлеуметтік осал санаттарының бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша жәрдем көрсетеді.

Адам құқықтарын дамыту жолындағы тағы да бір маңызды қадам - ол Мемлекет басшысының жарлығымен бекітілген арнайы іс-қимыл жоспары.

Онда ерлер мен әйелдердің тең құқықтары, балалардың, мүмкіндігі шектеулі адамдардың, мигранттардың құқықтары жайлы, азаптаулар мен адам саудасының алдын алу, тағы да басқа мәселелер бойынша нақты іс-шаралар көзделген.

Аталған мәселелер бойынша Адам құқықтары жөніндегі Өкілдік кеңесіне келіп түсетін шағымдар баршылық.

2025 жылы Өкіл атына 97 арыз-шағым келіп түсті. Бұл 2024 жылғы қарағанда арыз берушілердің (өткен жылы 73) санының көбейгенін көрсетеді.

Азаматтар көбінесе тергеу органдарының әрекеттеріне, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын күдіктілердің айыпталушылардың және сотталғандардың басым көпшілігі ауруына байланысты тиісті медициналық көмек алу кезіндегі қиыншылықтарды, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралардың талапқа сай болмауына шағымданады және соттардың шешімдерімен келіспейтінін білдіреді.

Елімізде адам құқықтарын қорғау саласындағы қабылданған стандарттарды ілгерілету үшін барлық мүмкіндіктер мен жағдайлар бар.

Ал, біздің, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мен оның өкілдерінің міндеті - халықтың пікірін, сұраныстарына құлақ асып, құқықтарын қорғап, құқықтық мәдениетімізді күшейтіп, барынша заң үстемдігін орнықты қамтамасыз ету.

Қимас бауыр, асыл жар, ардақты әке СИСЕНОВ ЕДІЛ ПӘНДІБАЙҰЛЫНЫҢ өмірден өткеніне 10 жыл толуына орай еске алу

Он жыл уақыт өтіп кетті зымырап, Қасымызда жоқсыз қазір сіз бірақ. Сағынамыз өзіңізді еске алып, Сіздің жарқын бейнеңізді біз жылап.

Есімізде әрбір айтқан сөзіңіз, Үн қатардай суреттегі көзіңіз. Арада он жыл бойымызды түзедік, Он жасты да артқа салып өзіміз.

Сіз болсаңыз мәңгі жас боп қаласыз, Біздер үшін, сіз, әрине данасыз. Асқар таудай алыстан қол бұлғайтын, Жадьымызда қорған болар панасыз.

Көп еді ғой армандаған арманың, Бірақ та сол арманға жете алмадың. Мінезі де, келбеті де аумайтын, Нурбобінің қызығын да көре алмадың.

Дұға етеміз күнінде Оразаның, Тыныш болсын жәннатта сенің жаның. Өзіңізге бағыштап құран оқып, Жасаудамыз ниет қып бар амалын...



17.09.1959ж.-28.02.2016ж.

Еске алушылар: бауырлары, асыл жары Қамияш, қызы Нурбобі

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 10.02.2026 жылы қайтыс болған аз. Бертұев Жаннұр Нұрелтановичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 09.10.2025 жылы қайтыс болған аз. Нуртекешова Нурзिला Бағитовнаның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Сүйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 09 желтоқсан 2025 жылы қайтыс болған аз. Қумисбаев Жексенбай Тұрхановичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов к-сі., 49. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 22 шілде 2024 жылы қайтыс болған аз. Есенжолов Булат Танатовичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 23.08.2025 жылы қайтыс болған аз. Нуржанова Гулжан Қуановнаның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 22 қазан 2025 жылы қайтыс болған аз. Иман Жексенғали Ұбайдуллаұлының атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Сүйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 28 желтоқсан 2025 жылы қайтыс болған аз. Умирзакова Алтынның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов к-сі., 49. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 21.01.2026 жылы қайтыс болған аз. Қалиев Жумажанның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 03 қараша 2025 жылы қайтыс болған аз. Ералиев Мәдиар Асхатовичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

ХАБАРЛАНДЫРУ

- Жобаның атауы: Әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар: «Қосымша №12. Айранқол кен орын жайластыру. Атырау облысы. Жылыой ауданы» жобасына КОКБ және ТҚКЖ.
- Ықпал ету аумағы: Участке аумағының географиялық координаттары 146°53'02" с.ш. 53°26'24" в.д.; 246°54'23" с.ш. 53°28'27" в.д. 346°54'28" с.ш. 53°29'23" в.д.; 446°54'17" с.ш. 53°32'05" в.д.; 546°54'58" с.ш. 53°35'00" в.д.; 646°54'43" с.ш. 53°36'07" в.д.; 746°54'12" с.ш. 53°37'05'70" в.д.; 846°53'39" с.ш. 53°37'11" в.д.; 946°52'26.15" с.ш. 53°35'33" в.д.; 1046°52'19" с.ш. 53°32'13" в.д.; 1146°52'52" с.ш. 53°31'00" в.д.; 1246°52'50" с.ш. 53°29'42" в.д.; 1346°51'42" с.ш. 53°26'39" в.д. Жобалау жұмыстары Атырау облысы, Жылыой ауданы аумағында жүргізіліп болды (47°00' с. е. 53°59' ш